


ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

3(7)2024



УДК 930

АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРІ А. МҰРАТОВТЫҢ ЖЕКЕ КОЛЛЕКЦИЯСЫ

Н.С. Сансызбай

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі (Қазақстан)

Аңдатпа. Мақала әйгілі қолөнер шебері А. Мұратовтың Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы жинақталған мұрасына және шебердің қазақ халқының дәстүрлі жиһаз жасау өнеріне енгізген жаңашылдығына арналған.

Алматы қаласының алғашқы сәулет ғимараттарының бірі – Абай атындағы Опера және балет театрын салған атақты сәулетші Т. Басеновтың шақыруымен А. Мұратов осы ғимараттың безендірілуіне қатысады, онда шебердің қолжазбасы мен танымал стилі әсем үйлесім тапқан. 1945 жылы А. Мұратов «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады. Артында қолөнерімен бай мұра қалдырған адамның өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі болатыны сөзсіз.

А. Мұратовтың ағаштан үй жиһаздары сандық, кебеже, жүкаяқ, асадал жасау кезінде «қазмойын», «түйетабан» және «құсқанат» сияқты өсімдік элементіндегі және геометриялық фигуралармен оюланып, бедерленгендігі, оған қанық түсті бояуларды қолдануы оны басқа шеберлерден ерекшелендіреді. Мақалада А. Мұратовтың ұлттық пішіндегі жиһаздар жасауда, оларды безендіруде ұлттық оюдың желісін пайдалануының маңыздылығы бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарастырылған. Қолөнер шебері А. Мұратов көшпелі өмірге ыңғайланып жасалған ұлттық жиһаздарды отырықшылық мәдениетке үйлестірудің өзіндік стилін құру арқылы қазақ халқының қолөнеріне бай мұра қалдырған.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ақтөбе облыстық музейі және Шалқар аудандық музейінің түсім кітаптары, облыстық музейдің ғылыми архивінің құжаттары, тақырыпты ашуға қажетті ғылыми мақалалар мен әдебиеттер зерттеу деректері болып табылды.

Мақалада негізгі қағида тарихи деректерге сүйену болып табылды, суреттеу, таныстыру, баяндау әдістері қолданылды.

Тірек сөздер: Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі, коллекция, экспозиция, ағаш бұйымдары, архитектура.

Сілтеме жасау үшін: Сансызбай Н.С. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы қолөнер шебері А. Мұратовтың жеке коллекциясы // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), 81-86 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.09

ЛИЧНАЯ КОЛЛЕКЦИЯ МАСТЕРА ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА А. МУРАТОВА ИЗ ФОНДА АКТЮБИНСКОГО ОБЛАСТНОГО- КРАЕВЕДЧЕСКОГО МУЗЕЯ

Н.С. Сансызбай

Актюбинский областной историко-краеведческий музей (Казахстан)

Аннотация. Статья посвящена наследию известного мастера народного ремесла Айдоса Муратова из фонда Актюбинского областного историко-краеведческого музея и нововведениям мастера в изготовлении мебели в традиционном искусстве казахского народа.

По приглашению известного архитектора Т. Басенова, построившего одну из первых архитектурных зданий города Алматы – Театр оперы и балета имени Абая, А. Муратов принял участие в декоративно-оформительской отделке данного здания, где изящно вписались почерк и узнаваемый стиль мастера. 1945 году А. Муратов был награжден

орденом «Құрмет белгісі». Жизненный путь человека, беззаветно служившего своей стране и оставившего после себя богатое наследие своим ремеслом, несомненно, послужит примером для последующих поколений.

Деревянная домашняя мебель А. Муратова украшена резьбой и тиснением растительными элементами и геометрическими фигурами типа «казмоин», «туйетабан», «кусканат», а также использование для нее насыщенных красок, отличает его от других мастеров. В статье рассматривается значение использования А. Муратовым линии национальной резьбы при создании мебели национальной формы и ее декорировании с сегодняшней точки зрения. Мастер казахского народного ремесла А. Муратов оставил богатое наследие, создав свой стиль сочетания национальной мебели, предназначенной для кочевой жизни, с оседлой культурой.

Материалы и методы исследования. Источниками исследования стали книги поступлений Актюбинского областного музея и Шалкарского районного музея, документы научного архива областного музея, научные статьи и литература, необходимые для раскрытия темы.

В статье основным принципом являлась опора на исторические источники, применялись описательные, ознакомительные, повествовательные приемы.

Ключевые слова: Актюбинский областной историко-краеведческий музей, коллекция, экспозиция, изделия из дерева, архитектура.

Для цитирования: Сансызбай Н.С. Личная коллекция мастера прикладного искусства А. Муратова из фонда Актюбинского областного-краеведческого музея // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), с. 81-86. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.09

PERSONAL COLLECTION OF CRAFTS A. MURATOV FROM THE AKTOBE REGIONAL MUSEUM OF LOCAL LORE

N.S. Sansizbay

Aktobe regional historical and local history museum (Kazakhstan)

Abstract. The article is dedicated to the legacy of the famous master of folk crafts Aidos Muratov from the fund of the Aktobe Regional Museum of History and Local Lore and the master's innovations in the manufacture of furniture in the traditional art of the Kazakh people.

At the invitation of the famous architect T. Basenov, who built one of the first architectural buildings in the city of Almaty - the Abay Opera and Ballet Theater, A. Muratov took part in the decorative and design finishing of this building, where the master's handwriting and recognizable style gracefully fit in. In 1945, A. Muratov was awarded the Order of "Kurmet Belgisi". The life path of a man who selflessly served his country and left behind a rich legacy of his craft will undoubtedly serve as an example for future generations.

Wooden home furniture by A. Muratov is decorated with carving and embossing with plant elements and geometric figures such as "kazmoin", "tuetaban", "kuskanat", and the use of rich colors distinguishes him from other masters. The article discusses the importance of A. Muratov's use of the national carving line in creating furniture of national form and its decoration from today's point of view. The master of Kazakh folk crafts A. Muratov left a rich legacy, creating his own style of combining national furniture intended for nomadic life with a sedentary culture.

Materials and methods of research. The research data were the books of the Aktobe Regional Museum and the Shalkar District Museum, documents of the scientific archive of the Regional Museum, scientific articles and literature necessary for the disclosure of the topic.

The main principle of the article was based on historical data, methods of description, presentation, and narration were used.

Keywords: Aktobe Regional Museum of local lore, collection, exposition, wood products, architecture.

For citation: Sansizbay N.S. Personal collection of crafts A. Muratov from the Aktobe regional museum of local lore // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), pp. 81-86. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.09

Кіріспе. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі 1929 жылы жергілікті өлкетанушылардың бастамасымен құрылып, қазірде білім және насихат орталығына айналған, өзіндік қалыптасу тарихы бар іргелі мекеме. 121 мыңнан астам жәдігері бар музей қорында экспонаттардың бірегейлігіне қарай топтастырылған 25 коллекция бар және әр коллекциядан шығатын жинақтардың өзі бірнеше бөлікке бөлінеді. Қандайда болмасын жәдігердің өзіндік тарихы бар, құндылығы жоғары. Қазір зерттеу тақырыбымыз болып отырған шебер А. Мұратовтың қолынан шыққан заттары музей қызметкерлерінің іздену жұмыстарының нәтижесінде жеке топтама болып жинақталған. Қазақ халқының көшпелі өмір салтына лайықталып жасалған кебеже, сандық, жастықағаш, көші-қонға бейімделген құрастырмалы төсекағаш, сықырлауық есік, асадал, адалбақан сияқты ағаш бұйымдары музей экспозициясындағы киіз үй жабдығының көркін келтіріп тұр. Шебердің жасаған дүниелері облыстық музей қорынан басқа Алматы және Атырау қалалары мен Шалқар аудандық музейінің қорында жинақталған.

Талқылау. Айдос Мұратов 1881 жылы Шалқар ауданы, Елтай ауылында дүниеге келген [Шалқар, 2009: 219]. Ол ағаш ұсталығымен бірге зергерлік пен етікшілікті қоса меңгерген қолөнер шебері болған [АОТӨМ. ҒА. ГКП 768]. Әкесі қолөнер шебері Сыдықұлы Мұрат мешіттер, күмбезді мазарлар тұрғызған, тұрғылықты жерінде бірнеше адамға үй (землянка) де соққан кісі. Аяққұмдағы Қошқарата тұзындағы Асан ишанның мазарын, Шалқар ауданының Қаратөбел деген жерінде Әбдіғалым ишан Рысмағанбетұлының мешітін көтерген. Мешіттің босаға ағашы облыстық музейдің «Руханият» көрме залының экспозициясында тұр (НҚ 17516/1-2). Босағаға бекітілген ағаштың түсі көк, бұрама етіп, ағашты ойып жасаған. Жерге бекітілген шеті ағарып қажалған. Музей қорына Әбдіғалым ишанның ұрпағы Махмут Әбдіжәмиұлы тапсырған [АОТӨМ, 2020: 17].

Әкесінің шеберлігі дарыған А. Мұратов та қолөнермен жастайынан айналысып, ағаштан, сүйектен, тастан бұйым жасаумен айналысқан. Тақта тастардан қайтыс болған адамдарға ескерткіш (құлыптас) жасаған. Қабақ руындағы Нияз бидің баласы Шонаға, әкесі Мұратқа да өз қолымен ескерткіш қойған [Ақтөбе, 1991:10]. Әкесінің жол көрсетуімен толықтай ағаш ұсталығына көшкен А. Мұратов ағаштан үй жиһаздарын жасап, әр заты ел көңілінен шығады. Сонымен қатар дәстүрлі тұрмыс заттары: сандық, кебеже, жұкаяқ, асадал жасау кезінде шебердің жаңашылдыққа ұмтылып, оны өз туындыларында кеңінен қолданғанын көруге болады.

Этнограф ғалымдардың зерттеулері бойынша асадалдың (ас және ыдыс-аяқ сақтауға арналған) көшпелі өмірге ыңғайланып жасалған «тумбочка» тәрізді түрлерінен кейін, XX ғасырдың бас кезінен бастап отырықшылық мәдениеттің сұранысына қарай аяқтар салынып, екі-үш бөліктен құралып жасалатын түрлері жасала бастаған [Арғынбаев, 1987:45].

Облыстық музей экспозициясындағы А. Мұратовтың шеберлігімен орындалған «асадал» деп аталатын үй жиһазы жаңа заманның тұрмысына қарай ыңғайластыра істелгені көрінеді: бойын жерден сәл көтеріп аяқтар салған, суырма жәшіктерін орнатып, әрбір қиылыстарына дейін ағашты ойып отырып геометриялық өрнектер, есіктеріне өсімдік бейнелі оюлар салған. Қазақтың тұрмыстық жиһаздарына тән қою күрең қызыл түске қарағанда, ашық сары түс пен ашық жасыл, пісте түсті реңдерге мән берген. Күлгін түстің өзін алтын және қоңыр түсті бояумен араластыра отыра сәтті алып шыққан. Асадалдың өлшемі: 89x165см. Музей қорына 1989 ж. А.Сейсеновадан 180 рубльге сатып алынған (НҚТ 11493).

Үстіңгі бөлігіне әйнектелген есік салынған асадалдың кейінгі түрі Шалқар аудандық музейінде сақталған. Бұл асадал қазіргі «сервант» жиһазы үлгісінде жасалған. Екі бөліктен құрастылып, үстіңгі бөлігіне әйнек салумен қатар жақтауына ағаштың өзінен бедерлеп әшекейлік жапсырмалар істеген. Асты бөлек шкаф тәрізді болып келіп, үстіңгі бөлігінде қуыс орын қалдыра отыра жоғарғы жағына ыдыстар орналастыру үшін әйнектелген есігімен сөрелер жасаған. Ондағы ою-өрнектері дөңгелек, ромб, жапырақ тәріздес болып келеді де, көгілдір, қоңыр мен күңгірт қызыл түстермен боялған (НҚТ 1439). Осы ауыл тұрғыны Ғ. Әлиева анасы Ғалиябанудың тұтынған асадалын Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейіне тапсырған [ШАТӨМ, 2010: 86].

Қазіргі кезде жергілікті облыстық музейдің экспозициясында тұрған алтықанат киіз үйдің сықырлауық деп аталатын есігі, босағасында орналасқан адалбақан да, А. Мұратов шебердің қолынан шыққан. Киіз үйдің құрылуы кезінде шаңырағын көтеруге пайдаланылған адалбақан былайғы уақытта, яғни қосымша ілгіштің рөлін атқарған. Оның бойындағы ілуге арналған имектерімен бірге төртбұрыш және дөңгелек фигураларды араластыра отырып, ағаштың өзінен тұтастай ойылған. Шебер оны жасауда қою жасыл түспен қоңыр түсті алма-кезек қолдана отырып, өрнектеріне де ерекше келбет, символдық мән бергісі келгендей (НҚТ 9642). Шымылдықпен бөлініп кісі көзінен таса тұратын жерде төсекағаш орналасады. Музей қорында тұрған А. Мұратов шебердің жасаған құрастырмалы төсек ағашының көлемі 70x94x200 см (НҚТ 12145). Оны музейге 1991 жылы ауыл тұрғыны Б. Жанаманова тапсырған.

Киіз үйдің екі ашпалы есігі (сықырлауық) биіктігі 175 см, екі жақтауы мен есіктерінің өрнектері (түйетабан, қазмойын, өсімдік элементті оюлар) тереңірек ойылып жасалған. Есік маңдайшасының оюлары үлкен көлемде салынып көз тартып тұруымен бірге, шығыстық стильге қарай келтіріліп салтанаттылық беріп тұр. Музей қорында шебердің әртүрлі көлемдегі және әртүрлі мақсаттағы қолданысқа арналған 4 сандығы мен 1 кебезесі сақталған (НҚТ 12122, НҚТ 419, НҚТ 423, ГКП 420).

А. Мұратов қақпағы бар тікбұрыш пішінді сандықты жасау кезінде, қақпағына бекітетін темір салған, бояуы 7 түрлі ашық түстерден тұрады, өсімдік, «түйетабан» және «құсқанат» оюының элементтерін қолданған. Сандықтың беткі тұсы оюмен нақышталып, тұтқа салынған. Көлемі: 43x47x80 см (НҚТ 12122). Екіншісі сандыққа қарағанда сандықшаға келеді, себебі қолға ұстауға ыңғайлы етіп төбесіне тұтқа салып шағын түрде жасалған. Мұндағы өрнектер өсімдік элементтерімен және геометриялық фигуралармен оюланып, бедерленген. Сандықшаның есігіне құлып салатын ілмешек қойылған, екі бұрышына және ілмешектің астыңғы тұсына кішкене көлемде дөңгелектенген айна салынған. Оған қара көк, күңгірт сары және жасыл бояулармен қиғаштанған геометриялық сызықтар сызылып, гүлдің, жапырақтың түстері қызыл және жасыл түстермен боялған. Көлемі: 26,5x46,5 см. Музей қорына 1969 жылы түскен (НҚ 419).

Айта кететін бір жайт А. Мұратовтың жасаған тұрмыстық жиһаздарының бір ғасырға жуықтап қалса да өз өңін бермей, бояуларының қанықтығын сақтап тұрғандығында. Демек шебер ағаштан ою ойып, керемет туындылар жасаумен қатар, бояу сырын да жақсы меңгерген болып тұр. Себебі адамдардың қолдануына қарай заттар әртүрлі жағдайда музей қорына түскен, сақталуы жақсысы да, орташасы да, қанағаттанарлық түрі де бар. Дегенмен осылардың барлығында назар аударатын жай ол жаңағы айтып өткен түстердің реңінің жоғалмауы.

Үйдің тұрмыстық заттарынан өзге шебер А. Мұратовтың қолынан домбыра да шыққан. Әйгілі күйші Қазанғап Тілепбергенұлына жасап берген домбырасы туралы «Шежірелі өлке» газетінің редакторы Мұқамбетқали Есмағанбетов «1921 жылы Шалқар өңіріне қыдырып келген күйші Қазанғапқа өзінің сыйлығы ретінде домбыра жасап берген», – деп жазады [Шежірелі өлке, 2006: 4].

Айдос Мұратовтың шеберлік атағы елге жайылып, өнеріне тәнті болған жұрт оған «хас шебер» деген атақ бере бастайды. 1945 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік

Республикасының 25 жылдығына орай (КСРО кезеңі екенін ескереміз) А. Мұратов «Құрмет белгісі» орденінің иегері атанады. Бұл атақ оған сол кездегі бірден-бір сәулетті ғимарат Абай атындағы Опера және балет театрының салынуы кезіндегі еңбегі үшін берілген болатын.

1933 жылы аталған театрдың ғимаратын салу туралы шешім шығып, құрылыс 1936 жылы басталып 1941 жылы аяқталады. Құрылыстың архитекторлары Н. Круглов, Т. Бәсенов, Н. Простаков күрделі де маңызды жұмысты орындап шығады. Төлеу Құлшаманұлы Бәсенов туралы ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі А.Ш. Татығұлов: «Қазақ мәдениетінің мақтанышын жазушы Мұхтар Әуезов, композитор Ахмет Жұбанов, суретші Әбілхан Қастеев сияқты есімдер құрайды. Бұл көрнекті адамдардың қатарында Қазақстанның тұңғыш кәсіби сәулетшісі Төлеу Бәсеновтің де есімі тұруына толық хақы бар», – деген болатын [Татығұлов, 2009: 418].

Қазақстанның алғашқы сәулеттік ғимараттың ұлттық бояуының асқақ болуына үлкен мән берген Т.К. Бәсенов қазақ халқының қолөнершілерінің арасынан осы мақсаттарды жүзеге асыруға қабілетті адамды іздейді.

А. Мұратов туындыларының айрықша нақыштары мен орындау шеберлігіне тәнті болған архитектор Т.К. Бәсенов оны Алматы қаласына театрды безендіру жұмысына этнограф-кеңесші болуға шақырады. Театрдың фойесіндегі капительді бағаналар, қабырға, басқыш қоршауларындағы қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері ғимарат архитектурасында кеңінен қолданылды. Осылайша қазіргі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында шебер Айдос Мұратовтың да қолтаңбасы қалды.

1945 жылы эксперимент есебінде Т.К. Бәсеновтың жобасы бойынша А.Мұратов қызметтік кабинетке арналған жиһаздың гарнитурын жасап шығарады, мұнда: жазу үстелі, екі орындық (кресло) және бір орындық, гардероб, кітап шкафы, диван және асхана үстелі бар еді. Т. Бәсеновтің авторлық жобасы мен шебердің ойы бір жерден шығып жиһаздарда ұлттық пішіндер, ал безендіргенде ұлттық оюдың желісін пайдалану қарастырылады [Бәсенов, 2011: 17].

Қорытынды. Осындай іргелі жұмыстардан кейін ел басқарған басшылар да А. Мұратовтың Алматы қаласында жұмыс жасауға шақырды, дегенмен шебер өзінің жасының ұлғайғандығын алға тартып өзінің туған жері Шалқарға оралады. Ел ішінде еңбексүйгіштігімен, қолөнерімен сыйлы болған жан 1970 жылы наурыз айында 90-ға қараған жасында дүниеден озды. 1993 жылы Айдос Мұратов Шалқардағы тұрған үйіне (Үргенішбаев көшесі №7) мемориалдық тақта орнатылды. Айшуақ кеңшарындағы бір көшеге есімі берілді. Ою-өрнектерді ағаш ұсталығында қолданудың өзіндік стилін құрған және халқына өз қолөнерімен бай мұра сыйлаған Айдос Мұратов кейінгі ұрпақ үшін мәңгі өшпейтін қолтаңба қалдырды.

ӘДЕБИЕТ

Ақтөбе газеті. 1991. № 26. 10 б. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі. Түсімдер кітабы. 1982-1991. № 04-01

Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987. 44-45 б.

Бәсенов П. Под ред. А.Ш. Татығұлова. Том 1. Алматы: Басбақан, 2009. 418 с.

Бәсенов Т. Қазақстан архитектурасы. Жауапты хатшы Асқаров Ә. Алматы: Өнер, 2011. 17 б.

Шалқар энциклопедиясы. Бас. ред. Т. Тілешев. Шалқар, 2009. 337 б.

Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінің түсім кітабы. № 5. 86 п.

«Шежірелі өлке» газеті. Редактор М. Есмағанбетов. Шалқар, 2006. № 40

REFERENCES

Aqtobe gazeti. 1991. №26. 10 p. (In Kazakh) Aktobe regional historical and local history museum. Túsımder kitaby [Book of receipts]. 1982-1991. № 04-01 (In Kazakh)

- Arǵynbaev H.* Qazaq halqynyń qolóneri. Almaty: Oner, 1987, pp. 44-45 (In Kazakh)
Basenov T. Pod red. A.Sh. Tatyǵylova. Tom 1. Almaty: Basbaqan, 2009. 418 p. (In Russian)
Básenov T. Qazaqstan arhitektýrasy. Jaýapty hatsy Asqarov Á. Almaty: Oner, 2011. 17 p. (In Kazakh)
 Shalqar ensiklopediasy. Bas.red. T. Tileshev. Shalqar, 2009. 337 p. (In Kazakh)
 Shalqar audandyq tarihi-olketaný múzeiniń túsım kitaby. № 5. 86 p. (In Kazakh)
 “Shejireli olke” gazetі. Redaktor M. Esmaganbetov. Shalqar, 2006. № 40. (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет: Сансызбай Нұрсәуле Серікқызы – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми-әдістемелік бөлімінің аға ғылыми қызметкері (0300000, Ақтөбе қ-сы, Алтын Орда ы.а., Ораз Тәтеұлы көшесі 3. Қазақстан). Менеджмент магистрі. E-mail: nursaule.sansyzbay@mail.ru

Сведения об авторе: Сансызбай Нурсауле Сериковна – старший научный сотрудник научно-методического отдела Актюбинского областного историко-краеведческого музея (0300000, г.Актөбе, Алтын Орда м-н., ул.Ораза Тәтеулы 3.Казахстан). Магистр менеджмента. E-mail: nursaule.sansyzbay@mail.ru

Information about the author: Nursaule S. Sansyzbai – senior researcher of the scientific and methodological department of the Aktobe regional historical and local history museum (0300000, Aktobe city, Altyn Orda y.a., Oraz Tateuli street 3. Kazakhstan). Master of Management. E-mail: nursaule.sansyzbay@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 29.03.2024.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 29.08.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 02.09.2024.